

**Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі жүйелерінің басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігіне кезектен тыс бағалау /аттестация/ жүргізу туралы ЕРЕЖЕ**

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 96-к бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 7 наурызда тіркелді. Тіркеу N 156

Ескерту: Бұйрықтың мемлекеттік тілде аудармасы болмағандықтан орысша мәтінде беріліп отыр.

В целях реализации Указа Президента Республики Казахстан от 19 октября 1995 года N 2541 U952541\_ "О совершенствовании структуры центральных исполнительных органов Республики Казахстан", приказываю:

1. Провести в декабре 1995 года внеочередную аттестацию работников

центрального аппарата Минэкобиоресурсов, за исключением лиц, назначение которых производится вышестоящим органом.

2. Аттестацию провести в соответствии со специальным "Положением о проведении внеочередной аттестации руководящих работников и специалистов системы Минэкобиоресурсов Республики Казахстан", утвержденным Министром 8 декабря 1995 года.

Для проведения аттестации работников центрального аппарата министерства образовать аттестационную комиссию в составе:

Баишев К.С. - председатель комиссии, Первый заместитель Министра;

Члены комиссии:

Гуляев В.А. - заместитель председателя комиссии, заместитель Министра;

Жаркенов М.И. - заместитель Министра;

Бочков М.И. - экономический советник;

Шевцов С.П. - председатель профкома;

Абдуганиров И.А. - представитель из Минэкономики  
(по согласованию);

Скаков А.А. - генеральный директор "Казэкология"  
(по согласованию);

Войцеховский А.А. - председатель ЦС общества охраны при  
(по согласованию);

Бацула А.Е. - помощник Вице-Президента Республики  
Казахстан по экономическим вопросам  
(по согласованию);

Сужикова Л.Г. - главный юрисконсульт (по согласованию);

Умбеталиев И.К. - секретарь комиссии.

3. Всем руководителям структурных подразделений аппарата Министерства:

- довести до сведения работников цели, задачи, условия проведения  
внеочередной аттестации, ознакомить их с утвержденным Положением до начала  
аттестации;

- в срок до 25 декабря 1995 года представить комиссии отзывы и  
рекомендации на своих сотрудников.

4. Результаты аттестации довести до сведения каждого структурного  
подразделения и издать приказ.

Министр

Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар  
министрлігі жүйелерінің басшы қызметкерлері мен  
мамандарының біліктілігіне кезектен тыс бағалау  
/аттестация/ жүргізу туралы  
ЕРЕЖЕ

Кезектен тыс біліктілікті бағалау қызметкерлердің ең тиімді қызмет атқаруына,  
мамандарды іріктеп алуды жақсартуға, орналастыру мен тәрбиелеуде, олардың

идеялық-саяси деңгейін көтеру мақсатында жүргізіледі.

Қызметкерлердің біліктілігін бағалау кезінде олардың еңбектерінің нәтижелілігі мен сапалылығы, республикадағы экологиялық жағдайдың жақсаруына қосқан жеке үлесі бағаланады, қызметкерлердің қызмет орнына сәйкестілігі туралы қорытынды ж а с а л а д ы .

1. Осы біліктілікті бағалаудың жүргізілуі бойынша басшылардың, инженерлік-техникалық қызметкерлердің және басқа да мамандардың қызметтерінің тізімі Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің басшыларымен Аграрлық өнеркәсіп кешені жұмысшылары кәсіподағының республикалық комитетімен келісімі бойынша белгіленеді /1 қосымша/.

2. Кезектен тыс біліктілігін бағалауға жатпайтын қызметкерлер: шұғылданатын қызметіне бір жыл толмағандар, оқу бітіргеннен кейін жолдамамен міндетті жұмысы уақыты кезеңінде өндірістен қол үзіп, аспирантураны бітірген жас мамандар және мамандар, сондай-ақ жүкті әйелдер және 3 жасқа дейін балалары бар әйелдер, кіші қызмет етушілер.

Кезектен тыс біліктілігіне бағалау жүргізу және біліктілігін бағалау комиссиясының құрамы

1. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрі бұйрығымен кезектен тыс біліктілігіне бағалау жүргізу үшін біліктілігін бағалай комиссиясын министрліктің жоғары маман қызметкерлерінен және қоғамдық өкілдерден /келісімі бойынша/ сайлайды /оның ішінде төраға және хатшысы/.

Экология және биоресурстар министрлігі жүйелерінің бөлімдерінде осы ведомстволардың басшыларына осыған ұқсас түрде.

Кезектен тыс біліктілігіне бағалау жүргізу тәртібі

1. Шұғылданатын қызметі жөнінде оған қойылатын нақты жағдайлар мен талаптардың нәтижесінен қызметкерлердің жұмысын әділ бағалау негізінде кезектен тыс біліктілігіне бағалау жүргізіледі.

Басқармалардың /бөлімдердің/ бастықтары біліктілігі бағаланатын қызметкерлерге сипаттау-мінездеме және алдыңғы өткен біліктілігін бағаланған қағазын ұсынады, бағалаудағы біліктілігі бағаланатын қызметкерге біліктілігін бағалауға дейін кемінде апта ішінде оған берілген сипаттама-мінездемемен танысу мүмкіндігі ертерек берілуге т и і с т і .

2. Егер біліктілігі бағаланатын материалда жағымсыз мінездеме болса, онда комиссияның мәжілісіне басқарманың /бөлімнің/ басшылары шақырылумен өткізіледі.

3. Біліктілігі бағаланатын жұмыстарын бағалау, олардың міндеттерін қызметінің

нұсқаулары бойынша қызметшінің қызметін мамандық анықтамасына сәйкес әзірленген оның мамандық деңгейі, істелінген жұмысының нәтижелі және сапалы, істелінетін жұмысы күрделі және уақытында, білім жетістігі отандық және шетелдік ғылымдар мен өндірістер салаларына сәйкестігінде, ал қажетті жағдайларда ұжымды басқарушыларға сәйкес ұйымдастыру дағдылары негізін пайдалану есебімен жүргізіледі.

Қызметкердің қызметі нәтижесін талқылаудың және осы мәліметтердің негізінде, оның іскер және рухани-өнегелі сапасына, комиссия ашық дауыспен келесі бағалардың бірінен береді:

- а) мамандығы ұсынылатын қызметке тұруға сәйкес;
- б) қызметі сәйкес емес.

Біліктілігін бағалайтын комиссия біліктілігі бағаланатын адамның жұмысының дұрыс жақтары мен оның кемшіліктерін көрсетеді, қажетті ұсыныстар береді.

Қызметкердің орынсыз себептермен біліктілігін бағалау комиссиясының мәжілісіне келмеген кезде комиссия біліктілігін бағалау оның жоғында жүргізеді.

Нәтижесін талқылау бойынша дауыс біліктілігі бағаланатын қызметкердің жоғында беріледі.

4. Біліктілігіне бағалау жүргізу және дауыс беру кезінде біліктілігін бағалау комиссиясының бекітілген құрамының кемінде 2/3 мүшелері қатысуы керек. "Мамандығы ұсынылатын қызметке тұруға сәйкес" және "қызметіне сәйкес емес" берілген бағалауларына бірдей дауыс берілген кезде, біліктілігі бағаланатын қызметкердің пайдасына шешім қабылданады. Ашық дауыс беру кезінде қалыс қалдырғандары "Мамандығы ұсынылатын қызметке тұруға сәйкес" бағалаушылардың дауысына санайды.

Дауыс берудің нәтижелері көпшілік дауыс берумен анықталады және комиссия мәжілісінің хаттамасына кіргізіледі /2 қосымша/.

5. Комиссия біліктілігін бағалаудың қорытындысы жөнінде министрліктің басшысына, жекелеген қызметкерлерді материалдық қолдау, қызмет еңбек ақысына дербес үстеме қосу, шұғылданатын қызметін көтеру туралы, ал кейбір жағдайларда мамандығына сәйкес қызметін төмендету, басқа қызметке ауыстыру немесе жұмыстан шығару туралы ұсыныстарды енгізе алады.

Біліктілігін бағалау комиссиясы хаттамасына комиссияның төрағасы, хатшысы және барлық мүшелері қол қояды.

Біліктілігі бағаланған қызметкер комиссия шешімімен танысқанына қол қояды,

6. Біліктілігін бағалау комиссиясы біліктілігін бағалаудың нәтижелері мен сипаттамалары Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министріне тапсырады /бөлімдердің басшысына/.

Біліктілігін бағалаудың нәтижелерімен ұйымдардың басшылары жекелеген қызметкерлерді жұмыстағы жеткен табыстарына қолдау, олардың қызметін көтеру,

қызмет еңбекақыларын дербес үстемелеу туралы шешім қабылдай алады.

Дербес жағдайларда ұйымдардың /мекемелердің/ басшылары заңды белгіленген тәртіппен біліктілігін бағалаудың нәтижесі бойынша шұғылданатын қызметіне сай емес деп танылған қызметкерді шығару туралы шешім қабылдай алады.

Сәйкесті қызметкердің еңбек кітапшаларына: "Біліктілігін бағалау бойынша жұмыстан босатылды" немесе "Біліктілігін бағалау бойынша басқа қызметке / қызметтің аты/ ауысты" деген жазу енгізіледі.

Сипаттама-мінездеме және біліктілігі бағаланған қағаз біліктілігі бағаланған қызметкердің жеке іс-қағазында сақталады.

7. Біліктілігін бағалау нәтижесі бойынша жұмыстан босатылған, шығарылған қызметкерлердің мәселелері бойынша еңбек даулары белгіленген әрекеттегі заң тәртібімен шешіледі.

8. Біліктілігін бағалау комиссиясының кәсіподақ ұйымымен әкімшіліктегі жұмысы аяқталғаннан кейін, біліктілігін бағалау комиссиясының ұсыныстарын орындау бойынша шараларды әзірлейді және олардың орындалуына бақылау ұйымдастырылады.

Біліктілігін бағалаудың қорытындысын және біліктілігін бағалау комиссиясының ұсыныстарын орындау бойынша әзірленген шараларды, республикалық экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған, ғылыми-техникалық прогресті үдетуді, жұмыс сапасын жақсартуды еңбек ұжымының жиналысында талқыланады. Біліктілігін бағалау жөнінде бұйрық шығарады.

9. Біліктілігін бағалау комиссиясын ұйымдастыру жұмысына жауапкершілікті оларға тиісті жағдай, зерттеу, талдап қорыту және комиссияның жақсы жұмыс тәжірибесін таратуды министрлік, ұйымдар мен кәсіпорындардағы қызметіне сәйкес басшылар атқарады.

Қазақстан Республикасы Экология

және биоресурстар министрлігінің  
басшы қызметкерлері мен маман.  
дарының біліктілігіне кезектен  
тыс бағалау жүргізу туралы  
Ережеге N 1 қосымша

Біліктілігін бағалауға жататын басшылар, инженерлік-

техникалық қызметкерлер және мамандардың қызметтерінің  
тізімі мен оны өткізу уақыты

| р. N | Біліктілігі   Жүргізілу |            | уақыты |
|------|-------------------------|------------|--------|
|      | Қызметінің аталуы       | бағалатын. |        |
|      | дардың саны             |            |        |
|      |                         |            |        |

1. Бас басқармалар, басқармалардың, дербес  
бөлімдердің бастықтары және олардың  
орынбасарлары

2. Бөлімдердің бастықтары және олардың  
орынбасарлары

3. Бас мамандар

4. Жетекші мамандар

5. I-II санаптағы мамандар, машбюроның  
меңгерушісі, көшірмелі-көбейту  
бюросының меңгерушісі

6. Аға инспектор, инспектор және  
машинисткалар